


«БЕКІТЕМІН»

№136 жалпы орта

мектеп директоры

Л.Н.Мырзакасымова



**Педагог-дефектологтың 2023-2024 оқу жылында
атқарылған жұмыс есебі**

2023-2024 оқу жылындағы педагог-дефектологтың жылдық жұмыс есебі.

№136 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының бақылауына ЕБҚБ-ды ППМК қорытындысымен 9 оқушы алынды.


1. Назарбай Айгерім - 4 сынып
2. Айтпай Айда - 4 сынып
3. Қадірбек Аят - 4 сынып
4. Қадірбек Нұрай - 3 сынып
5. Ергешбай Мерейлім - 2 сынып
6. Жасар Жанеля - 4 сынып
7. Ақжол Рамазан - 6-сынып
8. Гуламрасулұлы Ербол - 5 сынып
9. Алимходжаева Асель 4 сынып

Осы оқушылармен жұмыстануда жеке диагностикалық және топтық жұмыстар өткізу үшін сабақ кестесі құрылды. Әр оқушыға жеке диагностикалық сабақтар 30-35 минуттан, аптасына 2 рет алынды. Топтық жұмыстар 45 минуттан, аптасына 2 рет алынды.

Балалардың жасын, даму деңгейін ескере отырып, топқа бөлу және жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы күнтізбелік жоспар құрылып, сабақ кестесі жасақталды. Қажетті көрнекі құралдар анықталып, дайындалды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға бір-бірімен қарым-қатынасындағы, тәртібіндегі қиыншылықтарды түзету және сауықтыру арқылы қолдау жасалып, көмек көрсетілді. ППМК ұсынысы бойынша даму ерекшеліктеріне байланысты балаларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Мектепте тіркелген мүмкіндігі шектеулі балалардың пән мұғалімдеріне түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыруға, сабақ өткізуге әдістемелік көмек көрсетіліп, кеңес берілді. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, психологиялық-педагогикалық кеңес берілді. Түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналары белсенді жұмыстануға тартылып, сауалнамалар өткізіліп өткізілді.

Әкімшілік тарапынан дефектолог-мұғалімнің жұмысын мектеп директоры және оқу ісінің меңгерушісі қадағалап отырады. Түзету-дамыту блогынан мектеп психологі мен әлеуметтік педагогтың көмектері көрсетіліп отырады.

Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс барысында білім беру және тіл дамыту, қандай дыбыстарды дұрыс дыбыстай алмайтынын тексере отырып, оқушылармен мынандай жұмыстар жасалды; артикуляциялық жаттығулар, дыбыстарға байланысты тақпақтар жаттатқызылды. Өмірге бейім болу үшін түстерді айыра білу, жыл мезгілдерін, оң мен солды, өз мекен-жайын, ата-анасының қайда жұмыс істейтінін, таза мен ласты айыра білу үйретілді. Дисграфик бұзылыстары бар балалармен жұмыстар жүргізілді. Бұл оқушылардың деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді. Суреттермен жұмыс, логикалық тапсырмалар берілді. Логикалық ойлауын дамыту мақсатында оқушыларға «Артық затты тап», «Суретшінің қатесін тап», «Бөліктен суретті жина» т.б тапсырмалар беріліп отырды. Бұл оқушыларға деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді. Дидактикалық ойындарды қолдандық. Нейрогимнастикалық жаттығулар жасалды.



2023-2024 оқу жылдың жылы бойынша түзету-дамыту жұмыстары бағдарламаның төмендегі бөлімдері бойынша атқарылды:

1. Қарапайым сандық есептеуді қалыптастыру
2. Қоршаған айналаны тану
3. Тіл дамыту
4. Ойын арқылы дамыту



Жоғарыда көрсетілген оқушылардың сабақтарына, тәрбие сағаттарына қатынасып отырамын. Оқушылардың барлығы жан-жақты, белгілі бір ептіліктеріне қарай жұмыстанып, өз қабілеттіліктерін шыңдауда. Мектепішілік шаралардан да құр қол емес, спорттық эстафеталар, сурет, қолөнер көрмелерінде қатысып отырады.

Арнаулы жұмыстар: суреттердің айырмашылығын табу, тиісті түстерге бояу, оқу жылдамдығын анықтау, әріптерді тану және оқу дағдыларының меңгерілу деңгейі т.б. жүргізіліп отырады

Балалардың көңіл-күйін көтеру, логикалық ойлауын, ой-өрісін дамыту, қарым қатынастарын нығайту, ынтымақты болуға баулу мақсатында сабақтар өткіземін. Оқушылардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында күріш, бұршақ, мақта, қағаз қиындылары және т.б. материалдарды пайдаланып суреттерді құрастырып жапсырып,



Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзету арқылы қолдау, сол балалардың дамып-жетілуіне көмектесіп, жан-жақты қолдау жасай отырып, ішкі әлеуметтің қалыптасуына жағдай жасап және дамуына кедергі жасаушы ауытқуларды жеңуге көмектесудемін. Сезіну дамуын зерттеп оқушылардың деңгейін анықтап, көру қабылдауын, сезіну моторикасын, кеңістікте тұспалдауын, әлеуметтік –тұрмыстық тұспалдауды дамыту ең маңызды жұмыс болып табылады. Сондықтан баланың дамуына ата-ана тарапынан берілетін көмек пен қолдауды, баланың оқыту жағдайын жақсарту басты болашақ жұмыстарымыздың бірі деп есептеймін.

Педагогикалық ұжым – бір жақты ойлайтын, шығармашылық тұлғалар біріккен, өз ісін білетін мамандар тобы. Біз тәрбиеленушілеріміздің даму кемшіліктерін кешенді түзетуге, олардың компенсаторлық даму механизмдерін қалыптастыруға, біздің педагогтар тарапынан білікті көмек алуға жағдай жасаймыз. Біз әр оқушымыздың жетістігіне қуанамыз!